



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2020 жылғы 14 қазандағы № ДС-164

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Шалқар ауылын сумен жабдықтауға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қорғалжын және Егіндікөл аудандарының тұрғындарын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қазіргі уақытта жалпы сметалық құны 579,671 млн. теңге тұратын «Ақмола облысындағы Нұра топтық су құбырын (бұдан әрі – НТСК) қайта жаңғырту» жобасы республикалық бюджеттен қаржыландырылып, жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша НТСК 13 авариялық учаскелерін қайта жаңғырту көзделген. Жобаның аяқталу мерзімі 2021 жыл.

НТСК толық қайта жаңартуды жүзеге асыру мақсатында 2022 жылы «Ақмола облысының Қорғалжын және Егіндікөл аудандарының ауылдық елді мекендерін сумен жабдықтауды жақсарту үшін Нұра топтық су құбырын қайта жаңарту» жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 387,301 млн.теңге сомасында қаржыландыру қолдау тапты.

Бұл жобада ұзындығы 29,5 км Қорғалжын-Шалқар тармағын қайта жаңарту бойынша жұмыстар көзделеді.

**А. Мамин**

Орын. Ә.Ф. Әскеев  
75-00-25  
Askeyev\_AG@ukimet.kz

